



СУБМӘДЕНИЕТТІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘСЕРІ

М.Ж. Дүйсебекова¹, М.Н. Муслманбекова²

¹PhD докторант, Сулейман Демирель Университетінің аға оқытушы (Қазақстан,

Қаскелең қаласы), e-mail: zhainagul.duisebekova@sdu.edu.kz

²Сулейман Демирель Университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы 1-курс магистранты, (Қазақстан, Қаскелең қаласы), e-mail: ms.nazerke1998@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада субмәдениет және тілдік тұлға ұғымдарына анықтама беріледі. Тілдік тұлға – сол елдің тілі мен мәдениетін тұтынушы адам екені айтады. Н. Уәлидің «Тіл экологиясы» мақаласында бөлген тілдік тұлғаның 4 түрі көрсетіледі. Алайда қазіргі жастардың тілдік тұлғасы ең төменгі деңгейден аспай тұрғаны негізгі мәселе ретінде көтеріледі. Тілдік тұлғаға әсер етуші факторларды «микро» және «макро» деңгейдегі факторлардеп көрсетіп, әсер етуші фактордың бірі ретінде – субмәдениетті аталады. Мақалада субмәдениеттің тілдік тұлғаны қалыптастыруда қалай кері әсерін беріп жатқаны, мәдениет пен қатар жастар тіліне әсері мысалмен беріледі. Субмәдени топтардың бірінің тілдік тұлғасы ашылып, қалай әсер еткені мен әсер етуші траекториясын мақалада мысалмен анықтап көрсетеді.

Түйін сөздер: субмәдениет, тілдік тұлға, тіл тазалығы, сөз мәдениеті, сөз тазалығы, сөз дәлдігі

СУБМӘДЕНИЕТТІҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘСЕРІ

«Субмәдениет – кедейлікке немесе әлеуметтік қатынастардың жетіспеуіне байланысты өмір сүретін қауымдастықтың қауымдастықтың шектелу мәдениеті» делінесе [1], ғалым А.В. Мудрик «субмәдениет – құрамына тасымалдаушылардың өзара түсіністігі мен қарым - қатынас құндылықтары т.б. көзқарастарды жинақтаған автономды тұтас білім. Өзіндік қызығушылық, талғам, жаргон, фольклор, иерархиялы бағынулардан тұратын біртұтас жүйе» деп анықтама берген болатын [2].

Тілдік тұлға – бір жағынан тілді тұтынушы, әрі сол елдің мәдениетін таратушы тұлға. Тілдік тұлға мәселесін кең зерттеген Ю.Н. Караулов «Тілдік тұлғаны оның тілі арқылы көрінетін психологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б. компоненттердің жиынтығынан тұратын тұлға. Тілдік тұлға деп тіл арқылы танылатын және картинасын бейнелейтін тұлғаны айтамыз» деген болатын [3]. А.С. Әділова: «әрбір адамның тілдік тұлға ретінде жеке когнитивтік кеңістігі болады, ал ол өз кезегінде түрлі ұжымдық (отбасылық, кәсіптік, діни, әлеуметтік) когнитивтік кеңістік жиынтығынан тұрады да, өзі өмір сүріп отырған қоғамның ұлттық, тілдік, мәдени-танымдық базасына сүйенеді. Алайда бір ғана ұлттық когнитивтік кеңістікке жатса да, әр уақытта өмір сүруіне, қоғамдағы саяси-идеологиялық ұстанымдардың насихатталуы, ақпарат көздерінің жетікіліксіздігі, жабықтығы, ұлттық әдебиет, мәдениет деректерінің кейінгі орынға ығыстырылуы сияқты экстралингвистикалық себептердің әсерінен тілдік тұлғалардың – автор мен оқырманның когнитивтік базасының өзі түрліше қалыптасатыны кездеседі. Ол, әрине, адамның әлеуметтену үдерісіне байланысты болады» дейді [4]. Тілдік тұлғаның дамуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Психологиялық және биологиялық факторлар ішкі факторға жататын болса, әлеуметтік фактор сыртқы факторға жатады. Әлеуметтік факторға тұлғаның

отбасы мен қарым – қатынас жасайтын ортасы, алған білімі мен тәрбиесі, тілдік ортасы және оқу орны жатады. Мәдениет орындарының іс-шаралары, бұқаралық ақпарат құралдарының тұлғаға әсері де сыртқы фактор болып саналады. Ішкі фактор болып тұлғаның жеке темпераменті, жас және жыныстық ерекшелігі, тілін білуге деген қызығушылық пен оны еркін сөйлеп үйгенуге деген ұмтылысы жатады. Тілдік тұлға – тілдік құралдарды үйлесімді пайдаланып, өзінің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, рухани, ғылыми сұранысын қанағаттандыра алатын, сонымен қатар болашақ өміріне қажетті ақпаратты ала алатын, ресми қарым-қатынас тілін меңгерген тұлға. (8 – суретте көрсетілген)

Тілдік тұлға – тілдік құралдарды үйлесімді пайдаланып, өзінің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, рухани, ғылыми сұранысын қанағаттандыра алатын, сонымен қатар болашақ өміріне қажетті ақпаратты ала алатын, ресми қарым – қатынас тілін меңгерген тұлға.



1- сурет. Тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторлар [5]

Тілдік тұлға болу үшін де бірнеше шарт қойылады:

1. ана тілін жетік меңгерген, еркін әрі таза сөйлеу алуы;
2. әлеуметтік өмірге бейімделген, өз қызығушылығы бар болуы (хобби);

3. әдеби тілді шығармашылық тұрғыдан пайдалана алатын, өзіндік ізденімпаздығын таныта алатын тұлғаны – тілдік тұлға дейміз. Ал Г. Қылышбаева ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаратын тілдік тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет;
- рухани-мәдени мұрасын қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, ұлтты сүю, намысшылдық тәрізді мінездерді

қалыптастыру қажетілігін айтады.

Тілдік тұлғаға әсер ететін фактор ретінде:

- отбасы, алған тәрбиесі және білім деңгейі;
- қоғамдық- әлеуметтік жағдайлар;
- жаңа білімді меңгеруге деген ынта мен жаңаны білуге деген қызығушылық;
- қоғамдық үшін, айналасы үшін маңызы бар адам болу;
- сөйлеу әрекетінде тілдің бай қазынасын пайдалан алу, жаңа тілдік

жаңалықтарды тез сіңіре алу жатады.

Тілдік тұлға болудың өзіндік жіктелген категориясы мен дәрежесі бар. Н. Уәли «Тіл экологиясы» мақаласында тілдік тұлғаны төрт түрге бөліп көрсетеді:

1. әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлық тілдік тұлға.

2. әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормалардан қате жібетерін, сөйлеу тілі мен кітаби әлеуеті кей тұста айқын аңғара алмайтын мәден –тілдік орташа тип. Сан жағынан да басым осы орташа топ.

3. негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік мәдени тип. Сан жағынан да, шамамен, орташа топтан кейінгі тип.


4. қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектілерді қолдана білетін тип [6].

Қазіргі таңдағы қазақ тілді жастардың басым көпшілігі төртінші типке жатады. Тілдің сақталуы үшін кепіл болатын орта және орташа топ. Сол себепті де тілдік ортаның ұйытқысы болуы үшін олар орта типтенген тілдік тұлға болуы керек. Алайда бүгінгі жастардың тілдік тұлғасы қарапайым типпен шектеледі. Тілдің негізгі тұтынушысы әрі тілді сақтаушы қор жастардың элитарлы немес орта тип болмауы үлкен мәселе. Тілдік тұлғаның орта немесе орташа типке көтерілмеуіне әсер ететін себептер бар. Олар:

1. тілдік ортаның әсері (көше тілі);
2. сөйлеу дағдысының төмендігі;
3. көркем әдебиетті аз оқу, сөздік қордың аздығы, өз ойын еркін жеткізе алмау;
4. отбасының тіл мәдениетін жете меңгерте алмауы;
5. бастауыш сыныпта тілді терең меңгертпеу;
6. кей мұғалімдердің тілдік сауаттылығының төмендігі;
7. отбасы тәрбиесінде ұлттық тәрбиеден қол үзу, халық ауыз әдебиеті үлгілерін аз қолдану;

Тұлғаның жеке қасиеті — ешкімге ұқсамайтын, жеке — дара тұлғалық қасиеттерді бойына сіңіре отыра қалыптасуы. Тұлғаның бойында тек өзіне ғана тән танымдық деңгейі, сырттан келген ақпараттарды қорыта отыра қабылдауы, сыртқы әлеммен қарым-қатынасқа түсу, түсіну, ұлттық код арқылы берілген жеке идинфикацияланған және

конструктивті қабілеттер дамыған қабілеттер болады. Жас жеткіншектің тұлға болып қалыптасуына көптеген макрофакторлар мен микрофакторлар әсер етеді. Соның ішінде тұлғаның тіл де тұлға болуға әсер етуші фактор. Тұлға арқылы – тілдің болашағы байланысты, тұлға – тілдің тасушысы, тұлға – тілдің потенциалды тұтынушысы. Тіл арқылы адам айналасындағы адамдармен қарым-қатынасқа түседі, тілдің арқасында өмірді таниды. Тілдің коммуникативті, номинативті, кумулятивті үш қызметі арқылы қарым-қатынасқа түседі.



«Тіл жоғалса, ұлттың өзі де жоғалады» демекші егер де біз ұрпақтар сабақтастығы арасында бір үзік жіберетін болсақ, не болмаса тілді жеткілікті дәрежесінде білмейтін болса, тілдің ертеңі үшін үлкен соққы болады. Сөз құрамы – қаншама ғасыр бойы толығып, молайып келе жатқан мирас. Әр ұрпақты бұл мұраны білуі, қадірлеуі шарт. Сөз – тілдің мәдениетінің, байлығының сақталғанының белгісі. Жастардың сөз мәдениеті арқылы сөйлеуші жас тұлғаның басқа да тұлғалық қабілеттері дамиды. Сонымен тұлғаның дамуына тіл әсер етеді, тілдің дамуына да бірнеше факторлар әсер етеді. Ол факторларды макро және микродеңгейдегі деп екі үлкен топқа ажыратуға болады [7].



10–сурет. Тілдің дамуына әрет ететін макро және микро деңгей

Сөз мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін макрофакторлардың бірі – ол **идеология**. Идеологиялық көзқарастардың тілдегі көрінісі бірден байқалмайды. Ол халықтың немесе тұлғаның санасына әбден сіңгеннен кейін ғана тілінде белгілі бір сөздер, штамптар, клише сөздер, сөздің астыртын мағыналары арқылы шыға бастайды. Мысалы, қазір демократиялық көзқарастар, демократиялық сөйлеу мәнері біздің қоғамымызда жастардың тілінде енді ғана көрініс тауып келеді.

Жастардың ауызша сөз мәдениетіне **референтті топтардың** өзіндік әсері бар. Адам өмірінде оған қарап, бой түзейтін адамдары болады. Сол адамдар референтті топты құрайды. Біздің зерттеуімізде филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытуда әсер ететін референтті топ өкілдері ретінде олардың отбасын, достарын және оқытушыларын атай аламыз.

Макродеңгейдегі факторлардың келесі түрі – **бұқаралық ақпарат құралдары**. Француз әлеуметтанушысы А. Моль осыдан отыз жыл бұрын өзінің еңбегінде адамдардың

санасының «құранды» (мозаичная) санаға айналып бара жатқанын айтып кеткен болатын. Ол құранды сананың қалыптасуына көбінде БАҚ-тың әсері болып жатқанын да айтқан: «Қазір адамдардың білімі мен танымы кездейсоқ, бір-біріне байланыссыз бөліктерден құралады. Ол тұлғаның санасына өз әсерін тигізбей қоймайды»// Расында да, адам ойындағы, санасындағы шашыраңқылық оның тілінен де көрінеді. Қазір жастардың арасында өз ойының бас-аяғын құрап, жинақтап айта алмау, талдау жасай алмау секілді жағдайлар жиі ұшырасады.

Аталғандар белгілі бір әлеуметтік топ деңгейіндегі ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін макродеңгейдегі факторлар болса, одан тыс жеке тұлғаның ауызша сөз мәдениетіне ықпал ететін микродеңгейдегі факторлар да бар. Олардың біріншісіне субмәдениетті атай аламыз. **Субмәдениет** (лат. sub — төменгі, нем. kultur — мәдениет) – ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Қазіргі жағдайда субмәдениет үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде пайда болып, сол мәдениеттегі классикалық дәстүрден тысқары тұрады. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әртүрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды. Қазіргі қоғамда жастардың ауызша сөйлеу тіліне, әлеуметтанушы ғалымдардың пікірінше, көптеген субмәдениеттің ықпалы көрінеді. Олардың ішінде ең ірілері ретінде белгілі бір музыка ағымына, әртүрлі қызығушылықтарға байланыстыларын атауға болады.

Субмәдени орта – қоғамнан шеткері жастардың әлеуметтік белсенді алаңы. Батысқа, өзге де елдерге қызығу арқылы кең еніп жатқан бұл бейформалды бірлестіктерге ең көп қызығатын – жастар. Нағыз тұлғалық қабілеттері қалыптасып, дамитын жеткіншекке

субмәдени бірлестіктер тілдің тұлғаға және оның тіл тазалығына, тіл анықтағына, сөз мәдениетіне, сөйлеу әрекетіне кері әсер етіп жатыр. Осы субмәдени орта (5-кестеде көрсетілгендей) сол ортаға мүше адамның бойында бірнеше құндылықты қасиеттерді қалыптастырады, бұл құндылықтардың кестеде көрсетілгендей жағымды жағын да, теріс жағын да көре аламыз.

1– кесте. Жастар субмәдениетінің құндылықты классификациясы

Құндылық	Жағымды тұсы	Теріс тұсы
Моральдық	Денсаулық, салауатты өмір салты, құрмет, өзін ерекшелеуге деген ұмытылыс, өз мені болу;	Цинизм, айналасына сынмен қарау, анархизм, агрессия;
Интеллектуалды, кәсіби	Өнерге қызығу, спорт, өзі ісіне берілу, музыкаға деген құмарлық, өз ойының болуы;	Ақша табу үшін ғана жұмыс істеу, жеңілге ұмтылу;
Қоғамдық	Өзінің субмәдени тобының достарымен тығыз қарым – қатынас, жылуға ұмтылу, қоғамның дамуына ұмтылу;	Өзгелерге міндетті болмау, аға буынның құндылықтарынан бас тарту және байланысын үзу, антиглобализм, отбасылық құндылықты теріске шығару;
Эстетикалық	Сән, музыка, әдемілік пен юмор, ерекше киім үлгісі;	Эпотаждылық, тым ерекшелену;

9-11 сынып аралығындағы сауалнама нәтижесі бойынша адамға ең қатты сөйлеу мәдениетіне әсер ететін музыка мен кино екен. Ал бүгінгі жастардың қызығушылығының арнасы субмәдени музыка және субмәдени бағытта түсірілген кинолар, аниме. Олай болса біздің негізгі міндетіміз дәл медицинада жас балаға туа салысымен, 6 жасында, 14 жасында өкпе ауруына қарсы вакцина қалай егілсе, дәл солай жас жеткіншекке тілдік тұрғыдан жас жеткіншекке оның қалауын шектемей тілінің бұзылуынан сақтайтын вакцина егу. Ашық саясатты, демократиялы ел болғандықтан түрлі мәдениеттер мен ағымдар елімізге келу

мүмкін, ал біздің жастардың бойында қарсы тұрарлықтай тілдік жасуша болмайынша барлығын сүзгісіз қабылдай бермек.

Ахмет Байтұрсынов «Адам ана тілін жасынан естуінше, үлкендерден үйренеді. Содан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Одан кейін үлгілі жазушылардың сөзін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі» деген болатын [8]. Қорыта айтқанда, бүгінгі біздің жастарымыздың негізгі тілді қалыптастырушы үлгі алатын өкілдерінің өзінің тілдік тұлғасы төмен. Ал бұл тұлға болып қалыптасып, тілдік тұлғасы дамып келе жатқан жас өсіпірім үшін өте зиян.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Бикенова., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірмелі сөздігі. – Алматы: Сөздік–Словарь, 2007.–344 б.
- 2 Мудрик А. Әлеуметтік педагогика. ЖОО арналған оқулық. – Мәскеу: Академик, 2005, – 200 б.
- 3 Караулов Ю.Н.Орыс тілі және тілдік тұлға. - М.: Наука, 1987. 261 с.
- 4 Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Фил... автореф. – Алматы, 2009. – 53 б.
- 5 Манкеева Ж.А. «Тілдік тұлға» мәселелерін зерттеу // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – Б. 280-290.
- 6 Уәли Н. Тіл экологиясы // Ана тілі. – 2009. – №8 (949).
- 7 Дуйсебекова Ж. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: фил.ғыл. док. ... дис. – Қаскелең, 2019. – 180 б.
- 8 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013.